

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: "Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту"

Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту.

Өткізілген күні: 2026 ж. 30 қаңтар

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту» тақырыбындағы тәжірибе туралы баяндама.

2. 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығындағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (мониторинг).

3. Әртүрлі мәселелер.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Тақырыбы:

«Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиалық технология арқылы дамыту»

Баяндамашы: Ә. Куанышева

Баяндамашы өз сөзінде мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамытуда этномәдениет элементтері мен заманауи мультимедиалық технологияларды ұштастырудың маңыздылығына тоқталды. Ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер цифрлық форматта (интерактивті тақта, презентация, мультимедиалық ойындар, квесттер) ұсынылып, балалардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыратыны атап өтілді.

Тәжірибе барысында ұлттық мазмұндағы цифрлық ойындар, интерактивті тапсырмалар, мультимедиалық көрсетілімдер қолданылып, олардың балалардың логикалық ойлауына, сөздік қорына, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттеріне оң әсер еткені айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдіскер мен тәрбиешілер тәжірибенің өзектілігін атап өтіп, этномәдени мазмұнды заманауи форматта ұсынудың балалар үшін түсінікті әрі қызықты болатынын айтты.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Тақырыбы:

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығындағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (диагностика)

Баяндамашы: Ж. Акбагамбетова

Баяндамашы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне жүргізілген диагностика нәтижелеріне қысқаша тоқталды. Диагностикалық жұмыстар балалардың танымдық белсенділігін, қарым-қатынас дағдыларын, ойлау қабілетін, ұлттық құндылықтарды меңгеру деңгейін анықтауға бағытталғаны айтылды.

Бұл мәселе бойынша жиынтық есеп (диаграмма, кесте, салыстырмалы талдау) қосымша ретінде ұсынылады.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әртүрлі мәселелер

1) Әдістемелік құралдарды толықтыру мәселесі

Тәрбиешілер этномәдени бағыттағы әдістемелік құралдардың қажеттілігі туралы пікір білдірді. Ұлттық мазмұндағы ойындар, тапсырмалар, квесттер қорын толықтыру ұсынылды.

Ұсыныс:

– Әр тәрбиеші өз тәжірибесінен 1 цифрлық ойын немесе тапсырма әзірлеу.

Педагогтар мультимедиалық құралдарды қолдану барысында кездесетін қиындықтар мен тиімді тәсілдер туралы пікір алмасты. Баланың белсенді қатысуын қамтамасыз ету жолдары талқыланды.

Циклограмманы толтыру кезінде уақытты дұрыс бөлу, күн тәртібімен сәйкестендіру мәселелері көтерілді.

Талқылау нәтижесі:

– Циклограмма баланың жас ерекшелігі мен күн тәртібін ескере отырып құрылуы тиіс; – Артық жүктемеден сақтану қажет.

Күн тәртібін қатаң сақтау баланың психологиялық және физикалық саулығы үшін маңызды екені атап өтілді. Оқу қызметі барысында және серуен кезінде баланың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс екені ерекше ескертілді.

Ұсыныстар:

- Қауіпсіздік ережелерін жүйелі түрде қайталау;
- Интерактивті құралдарды қолдануда қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- Баланың денсаулығын қорғауды бірінші орынға қою.

Кеңес барысында көтерілген мәселелер педагогикалық үдерістің сапасын арттыруға бағытталды. Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру балалардың ой-өрісін дамытуда тиімді нәтиже беретіндігі атап өтілді.

Әдістемелік кеңес отырысында күн тәртібіне қойылған мәселелер жан-жақты талқыланып, балалардың ой-өрісін дамытуда этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастырудың тиімділігі атап өтілді. Педагогикалық ұжымның ұсыныстары мен пікірлері ескерілді.

Қаулы:

1. Балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында этномәдени мазмұндағы оқу қызметін заманауи мультимедиялық технологиялармен ұштастыра отырып жүйелі түрде ұйымдастыру жалғастырылсын.
2. Ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер негізінде әзірленген цифрлық ойындар мен интерактивті тапсырмаларды оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану ұсынылсын.
3. Педагогтар тарапынан қолданылатын мультимедиялық құралдарды мақсатқа сай, баланың жас ерекшелігі мен психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып пайдалану қамтамасыз етілсін.
4. Әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдарды толықтыру жұмыстары жалғастырылып, этномәдени бағыттағы авторлық материалдар қорын қалыптастыру ұсынылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.



Кеңес төрағасы: _____ А.Айсина

Хатшы: _____ А.Нұрлыбай

